

Джакупов И.Т., Кузербаяева А.Т.

КОЛИЧЕСТВЕННЫЕ И КАЧЕСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ МИКРОБНОГО СОСТАВА МАТКИ У ИМПОРТНЫХ КОРОВ В ПОСЛЕРОДОВОМ ПЕРИОДЕ

Аннотация

В статье изложено, что в сравнительном виде на 1-2 и 6-8 дни после родов, происследована слизь матки у коров, ее микробный состав и ее виды на количественный и качественный показатели.

Ключевые слова: корова, послеродовой период, субинволюция матки, эндометрит, диагностика, микроорганизмы.

Jakupov I., Kuzerbayeva A.

QUANTITATIVE AND QUALITATIVE INDICATORS OF THE UTERUS IN THE MICROBIAL COMPOSITION OF IMPORTED COWS IN THE POSTPARTUM PERIOD

Annotation

The article stated that in the comparative form in the 1-2 and 6-8 days after birth, uterine mucus proisssledovana cows, its microbial composition and its views on the quantitative and qualitative indicators.

Key words: cow, postpartum subinvoljutcija uterus, endometritis, diagnostics, micro-organisms.

ӘОЖ 636.32/38.082

Искаков Қ., Шаугимбаева Н.Н., Сабденов Қ.С., Бегембеков Қ.Н., Құлатаев Б.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«АЖАР» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ЕДІЛБАЙ, ГИССАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРЫНАН АЛЫНҒАН БУДАНДАРДЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Мақалада Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Ажар» асылтұқымды шаруашылығында қазақтың биязы жүнді саулықтарын гиссар, еділбай қой тұқымдарының қошқарларымен будандастыру арқылы алынған I буындық будан ұрпақтарының ет өнімділігін зерттеу нәтижелері берілген. Мұнда гиссар тұқымының қошқарларынан алынған 4-4,5 айлық будандардың ет өнімділігі еділбай тұқымының қошқарларынан алынған будандардың көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары болатыны анықталды.

Кілт сөздер: қой, тұқым, желі, ет, жүн, іріктеу, етті тұқым, қозы.

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстанда өсірілетін қой тұқымдарының ішінде әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларға ең төзімдісі, еті мен майы бойынша мол өнімдісі, төлінің тезжетілгіштігі, әртекті жүнінің сапалылығы т.б. шаруашылыққа пайдалы қасиеттері жағынан нарық экономикасының сұранысына толық жауап беретіні қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары болып саналады[1].

Бұл қойлардан сойғанда алынатын еті мен майы осы тұқым жататын етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты қойлардың негізгі өнімі болып табылады. Дүниежүзінің сауда ұйымдарында әсіресе етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты қойлардың қозысының еті көп сұранысқа ие. Бұл ретте қылшық жүнді құйрықты қойлардың қозыларының алатын орны бөлек. Өйткені қозылары тез өсіп-жетіледі, туылғаннан кейінгі 3-4 айлық жасының өзінде таза етінің салмағы 23 кг-ға дейін тартады. Және еті дәмді, құнарлы, құйрық майы бағалы келеді[2].

Ғылыми мәліметтерге көз жүгіртсек, әлемдегі 14 түрлі қой тұқымдарында еділбай қойының қаны бар екен[3].

Бұл еділбай қойының басқа көп тұқымның атасы екенін тағы бір қырынан айғақтайды. Әрі жыл санап қой етіне деген сұраныстың артып келе жатқанын есепке алсақ, бұл саланы дамытуға әзірден көңіл бөлгеніміз, тіпті инвесторлар тарту жайын көтергеніміз жөн.

Республикадағы қой шаруашылығы өнімін ұлғайту мәселесі, әсіресе Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында – бұл мәселе етті-майлы бағыттағы құйрықты қойлардың санын көбейтумен шешілуде. Сонымен қатар, қой етін молайту көздерінің бірі ретінде өнімі жоғары әртүрлі қой тұқымдарын будандастырып, алынған будандардың ет өнімділігінің көрсеткіштерін зерттеудің өзектілігі үлкен.

Зерттеу нысандары мен әдістері

Қазіргі таңда Алматы облысы Жамбыл ауданының «Ажар» асылтұқымды шаруашылығында еділбай, гиссар тұқымдарының қошқарларын қазақтың биязы жүнді саулықтарымен будандастырып, алынған I буындық будан ұрпағының ет өнімділігі зерттелуде.

Зерттеу нысандары ретінде 3,5-4,5 жастағы, «элита» класты гиссар, еділбай қошқарлары және қазақтың биязы жүнді саулық отарлары пайдаланылды:

I топқа гиссар қошқарлары мен еділбай саулықтарынан алынған будандар топтастырылды;

II топқа гиссар қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынған будандар топтастырылды;

III топқа еділбай қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынған будандар топтастырылды.

Малдың еттілігі негізінен мынадай көрсеткіштер арқылы бағаланады: тірілей салмағы, ұшасының салмағы және шығымдылығы, құйрығының салмағы және шығымдылығы, қоңдылық күйі мен бұлшық еттерінің жетілуі, сойыс салмағы мен шығымы, бұлшық ет, май мен сүйектерінің үлес салмағы, еттілік коэффициенті т.б.

Будан ұрпақтың ет өнімділігін бағалау үшін әр топтан 3 бастан 4-4,5 айлық еркек қозылар сойылып, олардың негізгі көрсеткіштері анықталды: сояр алдындағы тірі салмағы, ұшасының салмағы, құйрық майының салмағы, іш майының салмағы (кг) және бұлардың сояр алдындағы тірі салмағына пайыздық қатынасымен (%) шығымының деңгейі анықталды[4].

Саулықтардың қоңдылығы орташа, оларды күтіп-бағу жағдайлары шаруашылықта қалыптасқан бірдей деңгейде болды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Сойылған малдардан алынатын өнім, яғни ет және ет өнімдері құрылымы көп компонентті күрделі жүйе болып табылады. Ет дегеніміз – бұлшық ет, май, дәнекер және сүйек тіндерінің жиынтығынан құралған, сойылған малдардан алынған ұша немесе ұшаның бір бөлігі болып табылады.

Қазіргі заманымызда етті-майлы қой шаруашылығының адам баласына өте қажет азықтық өнімдер – ет, сүт, май және өндіріске қажетті бағалы шикізаттар – әртек ті жүн, тері, елтірі өндірудің көзі ретінде маңызы жоғары.

Етті-майлы бағыттағы қойлардың бір ерекшелігі – шөл және шөлейт аймақтарда бағылуға жақсы бейімділігі. Құйрықты қой қозылары мен тоқтыларын өсірудің қарқынды технологиясын қолдану және бордақылау арқылы оларды 4 айлығынан бастап кез-келген жас кезеңінде етке союға болады.

Осындай қой тұқымдарының бірі – гиссар қойы. Ол денесінің үлкендігімен, жүрдектігімен, жақсы жетілген аяқтарының ұзындығымен, құйрығының үлкендігімен ерекшеленеді. Көбінесе Тәжікстан мемлекетінде өсіріліп-бағылып, тірілей салмағы қосқарында 130-140 кг, саулықтарында 80-85 кг-ға дейін жетеді. Жүндері қара немесе қызыл болып, өте қылшықты келеді[5].

Еділбай қойы көбіне Батыс, Орталық Қазақстан аймақтарында өсіріліп бағылады. Еділбай қойы қазақтың құйрықты қойларының ішінде шаруашылыққа пайдалы белгілерінің көрсеткіштері бойынша ерекше маңызды орын алады. Олардың әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларға тез бейімделгіштігі – басты қасиеттерінің бірі. Бұл қойлардың еттілік қасиетінің ерекшелігіне бұлшық еттерінің жақсы жетілуі, жоғарғы биологиялық және тамақтық құндылығы жатады. Еті өте дәмді, құнарлы болады. Әсіресе, 4-5 айлық қозыларының еті мейлінше сіңімді келеді. Құйрық майы өте бағалы: майының балку және қату температурасы төмен, жоғарғы иодтық көрсеткішпен ерекшеленеді. Еділбай қойы төлдерін 12 айлығында сойған кездегі олардың ұшасындағы бұлшық ет-сүйек қатынасы сақа қой көрсеткіштеріне сай келеді. Бүкіл дүние жүзінде еділбай қойларынан ет алу тиімділігі жоғары екені және еділбай қойының бәсекеге қабілеттілігі мойындалған.

Біздің тәжірибелік топтардағы туылғаннан кейінгі 4-4,5 айлық қозыларды (әр топтан 3 бас) бақылай сою нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

Малдың ет өнімділігінің бірден-бір негізгі көрсеткіші ретінде, әдетте – тірілей салмағының мөлшері есептеледі. Малдың тірілей салмағы неғұрлым жоғары болса, ұшаның да салмағы ауыр болады. Сондықтан ет өнімділігін зерттеген кезде малдың ет жасақтау өлшемі сойыс шығымының мөлшеріне маңыз беріледі.

Будан қойлардың көпшілігі туған жылы аса жылдам өсіп-жетіліп, тауарлық мақсатқа жұмсалады. Олардың ет-май өнімділіктері тірі салмағына байланысты деп түсінуге болады. Ал, тиісті салмаққа жеткен қозылар қосымша шығындарды көп керек етпей, қоршаған орта әсеріне төзімділік көрсетіп, қыстан жақсы шығады. Көктем-жаз айларында қондылығын жылдам көтеріп, салмақты тез қосады, сөйтіп етке өткізуге уақытында дайын болады.

1-кесте. Тәжірибелік топтар қозыларын (әр топтан 3 бас) бақылай сою нәтижелері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Тәжірибелік мал тобы		
		I	II	III
Сояр алдындағы тірі салмағы	кг	42,5	41,5	35,4
Ұшасы	кг	21,5	20,5	15,0
	%	50,6	49,4	42,4
Құйрық майы	кг	3,8	3,7	3,2
	%	9,0	8,9	9,0
Іш майы	кг	2,5	2,4	2,0
	%	5,9	5,8	5,6

1-кестедегі 4-4,5 айлық қозыларды бақылау сою нәтижелеріне салыстырмалы түрде сараптама жүргізе отырып, мынадай жағдайларды анықтадық. 4-4,5 айлық жасындағы сойыс нәтижесі бойынша I топтың барлық дерлік көрсеткіштері жоғары болды. Тірі салмағы бойынша салыстырғанда I топтан II топ 1,0 кг немесе 2,4%, III топ 7,1 кг немесе 20,1% төмен көрсеткіштерге ие болды. Ұшасының салмағы бойынша I топтан II топтағы

қозылар 1,0 кг немесе 4,9%, III топтағы қозылар 6,5 кг немесе 43,3% төмен көрсеткіштерге ие болды. Құйрық майының салмағы бойынша I топтан II топ 0,1 кг немесе 2,7%, III топ 0,6 кг немесе 18,9%, төмен көрсеткішке ие болды. Іш майының салмағы бойынша салыстырғанда I топтан II топтағы қозылар 0,1 кг немесе 4,2%, III топ – 0,5 кг немесе 25,0% төмен көрсеткіштерге ие болды.

Қойлардың ет өнімділігіне толық сипаттама беру үшін ет ұшасындағы ет пен сүйек салмағын білудің маңызы зор. Еті көп болған сайын сүйектерінің үлесі азайып, ет-май өнімділіктері жоғарылап отыратыны және осыған керісінше заңдылық болатындығы анық.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, ұша бөліктерінің ара салмағы ауыл шаруашылығы малдарында шығу тегіне байланысты әртүрлі болады. Тез жетілгіш тұқым малдарының етінің шығымы жоғары, ал сүйегінің шығымы төмен болады.

Біздің тәжірибелік топтардағы 4-4,5 айлық қозылардың ұшаларының морфологиялық құрамы бойынша негізгі көрсеткіштері 2-кестеде берілген.

2-кесте. Қозылардың ұшасының морфологиялық құрамы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Тәжірибелік мал тобы		
		I	II	III
Ұшасы	кг	21,5	20,5	15,0
	%	100	100	100
Еті	кг	18,5	17,3	12,0
	%	86,0	84,4	80,0
Сүйегі	кг	3,0	3,2	3,0
	%	14,0	15,6	20,0

2 кестедегі 4-4,5 айлық қозылардың ұшасының морфологиялық құрамын салыстырмалы түрде сараптама жүргізе отырып, келесідей жағдайларды анықтадық. 4-4,5 айлық жасындағы ұшаларының морфологиялық құрамы бойынша салыстырғанда, I топтың барлық дерлік көрсеткіштері сандық жағынан да, сапалық жағынан да жоғары болды. Ұшасындағы етінің салмағы бойынша I топтан II топ 1,2 кг немесе 6,9%, III топ 6,5 кг немесе 54,2% төмен көрсеткішке ие болды. Сүйегінің салмағы бойынша III топпен I топтағы қозылардың көрсеткіштері бірдей, II топтағы қозылар көрсеткіші басқа топтардағы қозылар көрсеткішінен 0,2 кг немесе 6,6% жоғары болды. Ұшасының салмағынан пайыздық мөлшермен алғандағы шығымының көрсеткіштері бойынша салыстырғанда етінің шығымы I топтан II топ 1,6%-ға III топ 6%-ға төмен болды, ал сүйегінің шығымы I топтан II топ 1,6%-ға, III топ 6%-ға жоғары болды.

Еттегі әртүрлі тіндердің сандық қатынасы шамамен былайша болады: бұлшық ет тіні – 50-70%, май тіні – 3-20%, сүйек тіні – 15-22%, дәнекер тіндер – 9-14%. Еттің тағамдық құндылығы – оның құрамындағы ақуыз, ылғал, май, алмаспайтын аминқышқылдар, жартылай қанықпаған май қышқылдарының мөлшеріне, В тобының дәрумендері (витаминдер), микро және макроэлементтер, сонымен қатар еттің органолептикалық көрсеткіштеріне байланысты болады. Ет және ет өнімдері адамзаттың тамақтану рационында толыққанды ақуыз, май, витамин, минералды және экстрактивті заттардың қайнар көзі болып табылады. Сонымен қатар, ағзадағы биологиялық синтездеу процесіне әсер етеді, энергетикалық шығынды орынына келтіруге көмектеседі. Сондықтан ет және еттен жасалған өнімдер (жартылай фабрикаттар, шұжық бұйымдары, консерві және т.с.с.) адам өмірімен тікелей және тығыз байланыстағы қажетті тағам түрі болып саналады. Ет және ет өндірісінің басты талабы – тағамдық мақсаттарға арналған шикізаттың жарамдылығы, оның құрамында адам өмірі мен денсаулығына қауіпті заттардың болмауы болып табылады.

Қорытынды

Алматы облысы Жамбыл ауданының «Ажар» асылтұқымды шаруашылығында қазақтың биязы жүнді саулықтарына тән қырқылған жүн түсімі деңгейін сақтау мақсатымен оларды етті-майлы бағыттағы гиссар, еділбай қой тұқымдарының қошқарларымен будандастыру арқылы еттілік қасиеттері аналық тегіне қарағанда едәуір жоғары І буындық будан ұрпақтары алынып өсірілуде. Мұнда гиссар тұқымының қошқарларын қазақтың биязы жүнді саулықтарымен будандастырудан алынған І буындық будан ұрпағының ет өнімділігі еділбай тұқымының қошқарларын қазақтың биязы жүнді саулықтарымен будандастырудан алынған І буындық будан ұрпағының ет өнімділігінен әлдеқайда жоғары болатыны анықталды.

Әдебиеттер

1. *Бегембеков К.Н.* Дегересские овцы Центрального Казахстана. Монография. Алматы. ТОО «Нур-Принт», 2012, -С.96.
2. *Канатин К., Жумадила К., Жумадилаев Н.К.* Особенности роста, развития, формирования мясной продуктивности эдильбаевских баранчиков. Животноводство, кормопроизводство и ветеринария. Серия овцеводство, 2006, №1, с. 35-38.
3. *Әлжанов Ш.Ж., Рақымжанов Ж.А., Көшербаев Ш.К.* Қой тұқымдары. // Қой шаруашылығы. Сабденов К.С., Бетембаева М.М., Есентаев Е.Е., Айтмұқанов Ж.А., Рақымжанов Ж.А., Көшербаев Ш.К., Пірманшаев М.П., Қойшыбаев С.Ә., Шәуенов С.Қ. II – кітап- Алматы, 1993, 61-64 беттер.
4. Методика оценки мясной продуктивности овец. ВИЖ, Дубровицы, 1970. – 50с
5. *Фарсыханов С.И.* Гиссарская порода овец. Душанбе, 1981.-205 с.

Искаков Қ., Шаугимбаева Н.Н., Сабденов К.С., Бегембеков К.Н., Кулатаев Б.Т.

ОСОБЕННОСТИ МЯСНОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ ПОМЕСЕЙ ЭДИЛЬБАЕВСКИХ, ГИССАРСКИХ И КАЗАХСКОЙ ТОНКОРУННОЙ ПОРОДЫ ОВЕЦ РАЗВОДИМЫХ В УСЛОВИЯХ ТОО «АЖАР»

Аннотация

В статье приводятся результаты изучения мясной продуктивности помесей I поколения, полученных от скрещивания казахских тонкорунных маток с баранами гиссарской и эдильбайской пород в племенном хозяйстве «Ажар» Жамбылского района Алматинской области. Установлено, что мясная продуктивность 4-4,5 месячных помесей, полученных от гиссарских баранов намного выше, чем помесей, полученных от эдильбайских баранов.

Ключевые слова: овцы, порода, линии, мясо, шерсть, подбор, мясные породы, овцеводство.

Iskakov K., Shaugimbaeva N.N., Sabdenov K.S., Begembekov K.N., Kulataev B.T.

«AZHAR» SECTOR CULTIVATED EDILBAI, GISSAR AND KAZAKH SHEEP FINE-WOOLED SHEEP PRODUCTIVITY FEATURES OF HYBRIDS

Annotation

The article presents results of a study of I generation hybrids meat productivity, obtained by crossing Kazakh woolled ewes with rams and Hissar edilbayskoy species in breeding farm "Azhar" Zhambyl district of Almaty region. It was found that the meat efficiency of 4-4.5 month hybrids derived from Hissar sheep is much higher than the hybrids derived from sheep edilbayskih.

Key words: sheep, sheep breed, lines, meat, wool, selection, meat seed, lamb.